

Ж. Баласағұнның тіл өнерінің пайда-зияны
туралы айтқандарын тарақты

"Сөз кісіні ұлы қылар,
Бек қылар.."

Ж. Баласағұн

Иә, сөз, тіл адамды ұлы қылады, бек қылады. Тіл - бұл жай ғана мүше емес, ол сөйлеуге, өз пікірін жеткізуге арналған мүше. Ел Жүсіп атамыз айтқан сөзінде қандай ой қозғалады? Тіл өнерінің пайда-зияны қандай? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Біріншіден, атақты жазушы, ақын Жүсіп Баласағұнның "Сөз кісіні ұлы қылар, бек қылар..", сөзінде адам баласы тілімен, сөзімен атақты, құрметті адам болып қалыптаса алатыны жеткізілген. Сондай атақты, жігіті тұлғалардың ішіне қазақ халқынан шыққан Әхмет Байтұрсынұлы, Абай Құнанбайұлы, Міржақып Дулатов және тағы басқа ұлы шешендеріміз бен ақын-жазушыларымыз. Осы тұлғалар халықтың "Тіл - адамның айнасы..", деген сөзі шындық екенін дәлелдеді.

Екіншіден, "жақсы сөз - жарым ырыс" деген сөзге сүйенсек, тіл өнерінің пайдасын түсікеміз. Жақсы сөз - бұл дұрыс сөйлеу талантарына сай айтылған, мағынасы бар, сыпайы айтылған сөз. Әрбір адам өзін дұрыс көрсету үшін, өзі жайлы жақсы ой қалдыру үшін жақсы сөзді дұрыс айту қажет. Тек жақсы сөз арқылы, тіл өнерінің пайдасын көруге, көз жеткізуге болады. Менің пайымдауымша, бүкіл адамдар жақсы сөз айтып үйренуі тиіс, себебі жақсы сөз айтып, адам өзін жақсы жағынан көрсетеді, өз абыройын көтереді, басқа адамдардың көңілін көтереді және

өзі жайлы мақсат оң қалыптастырады. Тіл өнерінің пайдасы орасан зор. Егер адамда тіл болмаса, біздің жазғаймыз қандай болушы еді?! Әріне, тіл өте маңызды мүше болып табылады. Біз адамның өз пікірін ашық түрде жеткізуге, басқа адамдармен оң байланыс, қарым-қатынас құруға, қандау мен көмек көрсетуге қажет. Тіпті тіл болмаса, біз өз ақылымыздан, адамгершілігімізден, ойлау қабілетінен және ұлттық құндылығымыздық бірінен, яғни ана тілімізден айырыла аламыз. Тілдің маңызы, тіл өнерінің пайдасы біз үшін сезілмейтін құндылық болып табылады.

"Тас етке батам,

Сөз сүйекке батам," - деп жалық айтқан. Тас, сөз сүйекке батады, яғни адамға қатты сезіледі. Әіресе, ауыр айтылған сөз адамның "сүйегіне" батады. Бұл сөз арқылы біз тіл өнерінің зиянын көре аламыз. Иә, тіл өнерінің пайдасы ғана емес, зияны да бар. Бірақ бүкіл сөздердің емес, ауыр айтылған, дөрекі, жаман сөздердің зияны бар. Әкімшіке орай, қазіргі таңда балалардың көбісі дөрекі сөздерді тың көп пайдаланады. Бұл біз үшін өте жаман жағдай. "Буллинг" және "Кибербуллинг" деген ұғымдардың көрінісі көбінесе тілдің, яғни сөздің, дөрекі сөздің кесірінен туындайды. Адамдар, оқушылар, балалар бір-біріне ауыр және дөрекі сөздер айтып, қорлайды, деңгейлерін түсіреді. Бірақ мен өзім оқушы болсам да, ешқашан дөрекі сөз айтқан жоқпын. Себебі менің ойымша, ауыр, дөрекі сөз айту - тілдің мәртебесін түсіру, тілді, сөз айту мүмкіндігін дұрыс пайдаланбау және

(қоғамда) қоғамдағы деңгейіңді түсіру деген сөз. Тіл арқылы сөйлеу мүмкіндігін дұрыс пайдалану - әркімнің міндеті, парызы. Тіл өнерінің зиянын көру өте өкінішті. Мына жерге "Тіл - адамның айнасы" деген салықтық сөзін тағы бір мәрте қосқым келеді. Өйткені, дөрекі сөздерді айтатын, бек-ауыз сөздерді көп пайдаланатын адамның тілі, сол адамның бейнесін айнадай анық көрсетеді. Біз барлығымыз өзімізді жақсы көрсетуге атсалысайық!

Төксен сөздің табықтай түйіні, Нұсип Баласағұнның тіл өнерінің пайда-зияны туралы айтқандарын тарқаттық. Тіл өнерінің пайдасы мен зияны жайлы білдік. Сондықтан, сөйлегенде айтқан сөзімізге мұқият бау екенін түсіндік.